



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

мүмкін. Баланың бөлектенуін, мақсатсыз қозғалуын және қорқыныш сезімін жою үшін анималотерапияның (арнайы үйретілген иттер, аттар және дельфиндер) көмегі зор.

• Соңғы зерттеулер дельфинотерапияның бірнеше артықшылықтарын дәлелдеді. Бұл терапиямен емдегенде дельфиндерден бөлінетін жоғары жиілікті сонарлардың әсерінен баладан бақыт гормондары бөлінеді. Бұл гормондар ми қызметіне әсер етіп, баланың көңіл-күйін жақсартады.

Пайдаланылған әдебиеттер тімізі

1. Аутизм / Под.ред. проф. Э.Г. Улумбекова. - М.: Гэотар-мед, 2002.
2. Аутизм / Под.ред. проф. Э.Г. Улумбекова. - М.: Гэотар-мед, 2002.
3. Шипицина Л.М. Детский аутизм. - М.: Дидактика Плюс, 2001.

УДК 316.344.233-053.9

ҚАРТ АДАМДАРДЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ДЕҢГЕЙІ

Оралбек Балбөпе Ахметқызы

milka_sweet@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Әлеуметтік ғылымдар факультеті Әлеуметтану кафедрасы

«5B090500-Әлеуметтік жұмыс» мамандығының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.И. Манасбаева

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2005 жылғы 18 ақпанда халыққа жолдаған жолдауындағы 3.6 бөлімінде былай деп айтқан болатын: «Биылғы жылдан бастап біз әлеуметтік қамсыздандырудың идеологиясы барынша қарапайым үш деңгейлік жүйесін қалыптасырудағы бағытталған әлеуметтік реформаларды тереңдетудің үш жылдық бағдарламасын іске асыруды қолға аламыз. Біріншіден, бұл мемлекет кепілдік беретін негізгі әлеуметтік төлемдер. Екіншіден, бұл міндетті әлеуметтік сақтандыру ақыр аяғында бұл кейіннен әлеуметтік төлемдерге айналатын азаматтардың ерікті жинақтаулары. Міне, осындай үш бастау азаматтарымыздың қарттық кезеңін лайығымен қамсыздандыруға тиісті жағдай туғызады».

Соңғы он жылдықта адам өмірінің ұзақтығының артуына байланысты бұл мәселеге назар көбірек аударылуда.

Мамандар таяу жылдары халқымыздың басым көпшілігі ірі қалаларға қоныс аударады деп болжайды. ХХІ ғасырдың бас шенінде қалада тұратын қазақтар саны 43%-ды құраса, қазір бұл көрсеткіш 60%-ға жақындаған және соңғы санақ бойынша қалалық жерде 4,8 млн., ал ауылдық жерде 5,3 млн. қазақ тұрады екен. Жалпы, қазақтың қалалану процесі қарқынды жүріп жатыр десек, оның артықшылығы мен кемшін тұстарын саралап, елеп-екшеп, ақыл мен қисын таразысына салудың да маңызы айқындала түспек. Соңғы кезде қаладағы қарт адамдар санының артуы байқалады. Ол қалалық жердегі қарттардың әлеуметтік, тұрмыстық, медициналық, мәдени қызмет саласында алатын көмегі ауылдық қарттарға қарағанда әлдеқайда жоғары да сапалылығына байланысты болса керек. Дегенмен әлеуметтік, әрі іс-әрекет белсенділігі мен коммуникация жағынан қала қарттары ақсауда. Және тағы бір белен алып келе жатқан теріс жағдай, өз қарияларын қарттар үйіне тапсыру ауылдық жерге қарағанда қалалық жерде жоғары. Сондықтан қазіргі таңда ата-аналарын қарттар үйіне тапсыратын балалардан алимент алу мәселесі қоғамда талқылануда.

Елбасымыз Н.Назарбаев отбасы және отбасы құндылығына аса мән беріп отыр. Сондықтан да биыл, 2014 жылы елбасымыздың бастауымен «Мейірілі отбасы» жобасы іске асып жатыр. Сондықтан да мен мақала тақырыбын бүгінгі күні өзекті болып отырған обасының ұйытқысы болып келген, бірақ нарықтық экономиканың талауына түскен әлеуметтік жағынан «әлсіз» топты құрайтын қарттарды, қарияларды, олардың өмір сүру

деңгейін жазуды жөн көрдім [1].

«Өмір сүру деңгейі» және «өмір сүру сапасы» ұғымдары тоқталып кетсек. «Өмір сүру деңгейі» және «өмір сапасы» – мәні жағынан жақын ұғымдар болғанмен, олар барабарлығы жағынан алшақ. Материалдық қамтамасыз етілген болып, бұл ретте таза суға, сапалы медициналық қызмет көрсетуге, сапалы тамаққа және басқа да өркениет өнімдеріне қол жетімді болмауы мүмкін. Бұл қиыстырылған өмір сапасы болып табылады.

Өмір сапасы және адамның жанжақты дамуы – бұл санаттар экономикалық өсу және қоғамның дамуы проблемаларының қазіргі заманғы тәсілдерінің мазмұндық сипаттамасын құрайды.

«Өмір сапасы» деген термин өткен ғасырдың 50-жылдарының ортасында пайда болды, ол кезде «өмір сүру деңгейі» санаты толық шамада халықтың әл-ауқатын көрсеткен жоқ. Өмір сапасы адамдардың материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін субъективті бағалау ретінде анықтала бастады. Қазіргі заманғы экономикалық сөздік «өмір сапасы» деген терминді «өмір сүру деңгейі» деген ұғымның жалпылануын білдіретін және «тек қана материалдық ізгіліктер мен қызметтерді тұтыну деңгейін емес, сондай-ақ, қажеттіліктерді қанағаттандыру, денсаулық, өмірдің ұзақтығы, адамды қоршаған орта жағдайлары, жан рахатын қамтитын» әлеуметтік-экономикалық санат ретінде анықтайды [2].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) өмір сапасын «жеке тұлғаның олар өмір сүретін мәдениет контекстінде және құндылықтар жүйесінде және олардың мақсаттарымен, күтулерімен, стандарттарымен және күтімдерімен байланысты өмірдегі орнын сезінуі» ретінде анықтайды. Ұйым мынадай негізгі салаларды қамтитын өмір сапасын бағалау үшін халықаралық кросс-мәдени салыстыру құралын әзірледі:

- тән саулығы;
- психологиялық денсаулық;
- тәуелсіздік деңгейі;
- әлеуметтік қатынастар;
- қоршаған орта;
- руханият / дін/ жеке нанымдар.

Адам Географиясы Сөздігінде (Dictionary of Human Geography), Оксфорд анықталатын «өмір сапасы» деген термин адам мен қоғамның жалпы әл-ауқатын бағалау үшін пайдаланылады. Бұл термин барынша әртүрлі контекстерде, оның ішінде халықаралық даму, денсаулық сақтау және саясат саласында пайдаланылады. Осылайша, барлық аталған зерттеушілер өмір сапасы – бұл «өмірлік маңызды құндылықтар қатарының жиынтығы деген тұжырымға келеді. Адам қалай өмір сүруде, оның жоғары қатарлардағы қажеттіліктері қалай қанағаттандырылуда, ол не үшін өмір сүруде, оның өмірінің мәні қандай, ол өзінің өміріне қанағаттана ма» [3].

Қарт адамдардың басты әлеуметтік мәселелері айтатын болсақ. Соңғы дамыған онжылдықта дамыған елдерде бақыланып келе жатқан тенденциялардың бірі – тұрғылықты жердегі қарт адамдардың санының өсуі.

БҰҰ-ның мәліметтері бойынша, 1950 жылы әлемде 200млн. шамасында 60 және одан жоғары жастағы адамдар болса, 1975 жылға дейін олардың саны 550 млн-ға өскен. Болжам бойынша, 2025 жылы 60-тан жоғары жастағылар саны 1 млрд. 100млн. адамға 5 есе өседі, ол кезде планета тұрғындарының саны 3 есе өседі.

Тұрғындардың қартаюуының басты себебі – туылудың азаюы, медицина прогресінің арқасында жасы үлкен адамдар топтарының өмір сүруінің жалғасуының көбеюі, тұрғындардың өмір деңгейінің көтерілуі. Экономикалық бірігіп қызмет істейтін және дамушы елдерде орташа есеппен ерлердің өмір сүру ұзақтығы 30 жыл ішінде 6 жылға, әйелдерде – 6,5 жылға өскен. Ал Қазақстанда қарт адамдардың өмір сүру ұзақтығы: ерлер арасында 68-69жасты құраса, әйелдер арасында 70-73 жасты құрап отыр.

Қартаң адамдардың өмірлерінің әлеуметтік шарттары ең алдымен олардың денсаулық жағдайымен анықталады. Қарт адамдардың ауру деңгейі, жастарға қарағанда 6 есе жоғары.

Жалпы бір қартаң адамға 2-ден 4 ауруға дейін келеді, ал қартаң адамдарда емдеу, жастарды емдеуге қарағанда 1,5 -1,7 есе жоғары [4].

Денсаулықпен таласа алатын жалғыз мәселе – материалдық жағдай. Қарт адамдар өздерінің материалдық жағдайларымен, инфекция деңгейіне, медициналық көмектің жоғары тұратынына қиналады. Елімізде жыл сайын әлеуметтік-экономикалық кризис нәтижесінде зейнетақыны көбейту мәселесі өзекті болды. Мәліметтер бойынша зейнеткерлердің әрбір бесінші жанұясы киім мен аяқ киім алуға келгенде қиындық сезінеді екен. Дәл осы топтарға ашты-тоқты өмір сүрушілер жатады. Көптеген қарт адамдар материалдық түсініктерімен жұмыс істеуді жалғастырады.

Әр егде жастағы адам – бұл жеке бағыт-бағдары, машықтары мен қажеттіліктері сияқты арнайы жинағы бар жеке тұлға. Бұл мәселені әртүрлі тарихи кезеңде философтар мен педагогтар, әлеуметтанушылар мен саяси қайраткерлер өз заманында қозғап отырды.

Егде жастарғылардың ең белсенді қорғаушысы Рим саяси қайраткері және философы Марк Тулий Цицерон (106 – 43 б.э.д.) болды, ол «Үлкен катон немесе қарттық туралы» 44 жылы диалог жазды. Цицерон адам үшін өмірдің бүкіл қоғам үшін аса құнды деп қарттық жасты шебер қорғай білді және ардақтады. Цицерон тілімен айтқанда, ақылды адам үшін өмірдің осы кезеңі ең бағалысы болып саналады, өйткені осы кезеңде адам ақыл ойын эмоция мен құндылыққа жеңдірмейді.

Шопенгауэрдің «Жас ерекшелігі туралы» философиялық этюдінде осы туралы қызықты ой қорытындылары орын алған. Миф қаһармандары мінездерімен өмір кезеңдерін салыстыра отырып, Шопенгауэр әр кезеңге өз есімін қояды. Алғашқы онжылдықта Меркурий билік етеді: адам өмір бойлап жеңіл және жылдам жүреді. Бұл білім алу, ойын, дүниемен танысу жылдары. Өмірдің 20 жасында махаббат құдайы Венераға бағынады. 30 жасқа қарай күшке, ерлікке ие Марс өмірді ауыстырады. Адам 40 жасында пайдалыққа бағынады, Цецера патшалығы күшіне сенеді, 50 жасында адам биліктен ләззат алады, ол тәжірибе мен білімге бай болады. 60 жасында өмірдің Сатурн кезеңі басталады. Құнарлық оты сөнеді, жан тұрақты қалыпқа көшеді. Егер кейбір тән кемшіліктері бомаса, адам тыныштық пен бақытты қарттықты бағалайды. Сондай-ақ, басқаша бір көзқарас да бар. Мәселен, Шекспир қарттықты қуанышсыз кезең деп біледі. Оның ойынша қарттық әлсіздік, тісі жоқтық, көзің нашар көруі, нашар естуі, балалыққа берілуі, алжуы, бір сөзбен айтқанда үмітсіздік деп бағалайды [5].

Қорыта келгенде, Қазақстанда және шет елдегі қарт адамдарды әлеуметтік қорғау және қолдау шаралары айтайық. Қарттарды әлеуметтік қолдау мен қорғауға, олардың экономикалық, саяси және басқа да құқықтары мен бостандықтарын іске асыруды тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету мен Қазақстан Республикасының Конституциясында, сондай-ақ халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидалары мен нормаларында кепілдік берілген. Мәселен, «Азаматтардың денсаулығын қорғау туралы» және «Денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес азаматтардың жеңілдік берілген санаттарына амбулаторлық-емханалық көмек «Тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің 2006-2007 жылдарға арналған тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 желтоқсандағы №1296 қаулысына сәйкес көрсетіледі. Тізбеге сәйкес егде адамдар дәрі-дәрмектермен 50 пайыз жеңілдікпен қамтамасыз етіледі.

Әлеуметтік қорғау жүйесінде біздің елімізде қарт адамдар мен мүгедектерге арналған 959 стационарлы мекеме, 700-ден аса әлеуметтік қызмет орталығы, үйде әлеуметтік көмек көрсететін 900 бөлім, сонымен қатар, басқа да әлеуметтік көмек көрсететін мекемелер қатары (психолого-педагогикалық, шұғыл психологиялық көмек және тағы басқа) бар.

Ал шетелдегі қарт адамдарды әлеуметтік қорғау тәжірибелері келсек мәселен, оларда ұйымдар жұмыс ыстейді. Олар Америка зейнеткерлері қоғамы, оның құрамында түрлі мәліметтер бойынша 9-15 млн. адам бар; зейнеткерлердің ұлттық одағы (Ұлыбритания); Аға ұрпақтың федералды конгрессі (ГФР); Жасы үлкендер қоғамы (Канада); Егде адамдар істері бойынша кеңестер (Австралия); Егде адамдар клубының Ұлттық федерациясы (Жапония), т.б.

Бұл ұйымдар ауқымды мәселелерді қарастырады. Өз мүшелерін әлеуметтік сақтандыру, оларға тиісті құқықтар мен жеңілдіктер туралы ақпаратты қамту, егде адамдар демалысын ұйымдастыру және мүдделерін мемлекеттік деңгейде шешу, саяси, әлеуметтік және мәдени акцияларға қатысуға жеңілдік көрсету. «Таймс» газетінің хабарлауынша егде адамдар АҚШ-та санасуға мәжбүр ететін күшке айналууда. Олар түрлі саяси және әлеуметтік мәселелерді шешуге белсене қатысуда. Америка мамандары К.Манич, Э.Пикеортс, Дж. Мачано егде адамдарға арналған бес өзекті бағдарламаны көрсетеді: кәсіби-техникалық оқу. Мұнда машинада жазу, бухгалтерлік іс уақытша еңбек етуде қажет болады. Мәдени қызметте бүкіл өмір мазмұны байытылады. Бұған өнер және көркем қолөнер қызметтері енеді. Соңғы жылдарда жоғарғы оқу орындарында егде адамдардың көптеп талаптануы орын алады. Мұндай егде адамдар зейнеткерлік кезеңде білім алады. Олар мансабын жоғарылатуды мақсат тұтпайды. Олар өз өмірлерін рухани байытқысы келеді, мұның өзі құнды қызмет болып табылады [6].

Елу шылбырдан алды,
Алпыс тізгіннен алды,
Жетпіс өре салды,
Сексен – тұсау салды,
Тоқсан – толқып қалды.

Бұрынғылар «жас күнімде бейнет бер, қартайғанда зейнет бер» деуші еді. Түлкі бұлаңға тап болған осындай қарттардың қайта мемлекет қамқорлығына алынып жатқанын көргенде шүкіршілік етіп отырғанымыз да шындық.

Қолданылған әдебиет

1. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты векторы» атты ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 27.01.2012. <http://www.akorda.kz>
2. Субетто А.И. Ұлттық өмір сапасы, денсаулығы және мемлекет қауіпсіздігі – тұмыстың негізгі функционалдары және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының өлшемдері // – М., «Тринитаризм Академиясы», Эл № 77-6567, жарыл.10904, 25.12.2003.
3. Өмір сапасы: мәні, бағалау, қалыптастыру стратегиясы. Кузьмичев Л.А., Федоров М.Ф., Зедесенц Е.Е. редакциясымен шыққан оқу құралы. – М.: ВНИИТЭ.
4. Қазақстандағы халықтың өмір сүру деңгейі (2011 ж. шығарылым) ҚР Статистика агенттігінің статистикалық жинағы.
5. Кон И.С. Возрастные категории в науках о человеке и обществе// Социологические исследования. – 1978. – №6.
6. Дробышева В.В., Герасимов Б.И. Интегральная оценка качества жизни населения региона: монография. – Тамбов «ТГТУ», 2004. – 108 с.

УДК 159.923.35:316.6

ӘЛЕУМЕТТІК ЗИЯТКЕРЛІК МӘСЕЛЕСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНДА ЗЕРТТЕЛУІ

Орынбекова Айнұр Саматқызы
ainur-samatovna@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Психология» мамандығының 1-курс магистранты,
Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.М.Айтышева

Қазіргі уақытта Ресей және шетел психологтары (М.И.Бобнева, Ю.Н.Емельянов,